

## САКРАЛДЫ ОРЫНДАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

**Мәкімбай Жанар Мұхамедкәрімқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[janar\\_m@mail.ru](mailto:janar_m@mail.ru)

Сакралдылық түсінігі әлеуметтану, дінтану, антропология ғылымдарында ұзақ тарихқа ие және гуманитарлық ғылымдарда «қасиетті ету» ("make holy") концепциясы этимологиялық тұрғыдан әртүрлі қырынан қарастырылады. Әлеуметтануда сакралдылықтың әртүрлі концепциялары қолданылады: Мысалы М.Элиаде иерофия туралы біздің алдымызда тұрған мүлде басқа әлемнің көрініс алуы деп түсіндіреді (Элиаде, 1983 [1957]) немесе У.Джеймс бойынша адам айтып жеткізе алмайтын рухани тәжірибе, яғни, когнитивті концепцияларда жүзеге асырылмайтын басқаша қабылдауды, тек қана түсінуді талап ететін тәжірибе болып саналады. Оның маңыздылығы сол, сакралды деген адамдар арасында әдеттегі, жай ғана болып саналатын, экстраординарлы құбылыс.

Сакралдылықты зерттеумен этнографтар, әлеуметтанушылар тарихшылар, философтар, психологтар кеңінен қарастырып жүр. Олардың ішінде сакралдылықты күнделікті рационалды санаға қарсы келетін түкке тұрғысыз (профанный) құбылыс ретінде қарастыратындар да бар. Егер сакралды құбылыстың феноменін қарастырар болсақ, оны әлеуметтік, саяси, және биологиялық өмірдің құбылысы ретінде дінмен, діни санамен байланыстырады (У. Робертсон-Смит, Б. Малиновский, Э. Дюркгейм, Р. Отто, М. Элиаде, Д. Пивоваров және т.б.). Әрбір ұстанымда өздерінің жолдарымен түсіндіру барысында белгілі бір бағыттары бөліп қарастырып отырды. Сакралдылық туралы түсінік мәнділіктің, маңызды сипатын көрсетеді: онтологиялық яғни бұл қарапайым түсініктен басқа шынайылықтың жоғарғы деңгейіне жатады; гносеологиялық - ақыл жете бермейтін дүниелер туралы шынайы білімін қалыптастырады; феноменологиялық - сакралды қайран қалатын, ғажап құбылысты түсіндіреді; аксиологиялық – аса құрметтелетін, абсолютті императивті терең мағыналы құдіретті сияқты мәселелері талдайды [1].

Дюркгейм мен Вебердің классикалық ыңғайлары негізінен дін өз сакралдылығын сақтап қала алады ма әлде діннен ондай қасиет шығып қалды ма, деген мәселеге қарама-қарсы әдіс ретінде қарастырылады. Мұндай вебериандық ыңғайды қазіргі зерттеушілер діншілдікті рационализмнің шеңберінен шыға алмай қалған деп қарастырып, көбінесе Дюркгеймнің тұжырымдамаларына сүйенеді.

Сакралдылықты діни тұрғыдан түсінуден бөлек, кеңейтілген философиялық тұрғыдан талдауға болады. Мысалы, Э. Дюркгейм бұл түсінікті шынайы адам болмысының қарапайым тарихи негізін түсіндіру үшін, оның әлеуметтік мәнін және оның индивидуалдық түсінігіне қарама-қарсы қою үшін қолданды. [2] Барлық дінге тән қасиет тіпті діннің көне формасында да әлемді екіге бөліп қарастыру тән: қарапайым түсінікті және антагонистердің араласуымен діни санаға енгізілген киелі дүние туралы көзқарас. Дюркгейм бойынша, осындай оппозициялық көзқарастың негізі сакралдылықтың маңызды белгісі, яғни оның қол сұғылмаушылығы, бөлектігі, тыйым салушылығы. Тыйым салушылық, табу сияқты әрекеттер адамдардың ұжымды түрде қойылған белгілері. Бұл жағдай Дюркгеймге сакралдылық өз табиғатында әлеуметтік құбылыс деп айтуға мүмкіндік берді: қоғамдық топтар өздерінің жоғары әлеуметтік және моральдық ұстанымдарына қасиетті бейнелерді, рәміздерді бейлгілейді, сол арқылы жеке тұлғаның ұжымдық талаптарға қатаң бағынуына қол жеткізеді. Э.Дюркгейм бойынша, ритуалдардың функциясы ұжымдық сезімді жандандыратын, әлеуметтік бірлікті күшейтетін, сондай-ақ, осы ритуалдарды орындау барысында адамдар өзін әлеуметтік тұтатыққа тәуелділігін сезінеді, сонымен қатар «әлеуметтік сакралды фактілер әлеуметтік топ мүшелерінде интернализацияланған» (Дюркгейм, 1952, с. 57).

Соңғы кездері ХХ ғасырдың екінші ширегінде елімізде діни қауым санының өсуі, сакралды орындардың және жаңа діни ағымдардың пайда болуы діни өмірдің белсене түсуіне әкеліп отыр. Көптеген өңірлерде мұндай үдерістердің салдары тарихи даму

барысында қалыптасқан діни конфессиялардың арақатынасының өзгеруі болып табылады. Сондықтан Киелі кеңістікті зерттеу әр түрлі қоғамтану ғылымдарын зерттеудің өзекті бағыты болып табылады.

Байқап отырғанымыздай, қасиетті немесе киелі дүниелерді талдау бүгінгі ғана жаңалығы емес. Археологиялық мұраларды сол табылған мекеннің ерекшелігімен байланыстыра отырып сакралды кеңістіктің легитимді басты фактілерін айта кету керек. Біздің уақытта басында атап өткендей археологиялық ескерткіштер, жұмбақ үңгірлер, киелі тастар сакралды объектілердің аймағына қаптап еніп жатыр. Бұл жерде бірінен бірінің сапасын ажырату емес, сол сакралды әлемнің құпиясын ашу мақсатында әртүрлі мәліметтерді салыстыратын, оларды жан-жақты зерттеумен шығып жатқан ақпараттар интеллетуалды байытылған комплекске айналып отыр. Сондықтан, археологиялық қазбалардан бастап, сакралды орындардың қасиетін анықтау бүгінде өзекті мәселелердің бірі. Осындай постмодерндік және ақпараттық технологиялар дәуірінде сакралды әлемнің құдіретін саналы түрде анықтап, оны ғылыми деңгейде мәнін ашу гуманитарлық ғылымдар жетістігіне енері сөзсіз. Алайда ол орындардың сапалық айырмашылығы жоқ, ол- жаңа окультті-мистикалық мифология, архаикалық дәстүр мен архетиптердің модернизациясы болып табылады.

Негізгі қасиетті деген ұғым өте ауқымды. Ол тек бойында өзгеше қабілеті бар әулиелер мен пайғамбарлар жерленген жер ғана емес, дара қасиетімен ерекшеленген данышпандарға, рухани тұрғыда келген тұлғаларға арнап айтылмайды, сонымен қатар қасиетті орындар мен мекендерге де қатысты айтылады. Мысалы, тарихы сан ғасырдан сыр шертетін, түп төркінінде ерекше таңғажайып бір оқиға орын алған қасиетті ағаш, қасиетті өзен- көл, киелі тау деген тіркестер де осы сөзіміздің айғағы.

Өйткені, оның түп төркінінде жаратушының құдіретінің бір көрінісін еске салатын ерекше күш пен нұрдың сипаты тоғысқан. Басқа халықты айтпағанда жер бетіндегі барша мұсылман киелі, қасиетті саналатын мекке Медина қасиетті киелілік ұғымының бастауы. Қай халықта да қасиетті жерлерге құрмет көрсету, зиярат ету дәстүрі берік орнаған. Қазақтың баяғыдан келе жатқан өлі риза болмай, тірі байымас деген де жер ананың қойнындағыларға, тірілердің дұға жасауы міндетті екенін меңзейді.

Кейінгі кездері пост кеңестік дәуір көптеген әлеуметтік қозғалыстар мен тәжірибелердің алуантүрлілігінен қоғам әртүрлі өзгерістерге толы. Бұл құбылыс постмодернизмнің нақты қадамдарымен шартталған, мәселен, постиндустралды қоғамның дамуы, окультті, эсхотологиялық жағдайлардың туындауы, экологиялық дағдарыс, болып жатқан әлеуметтік-экономикалық трансформацияға деген психологиялық және әлеуметтік сенімсіздік т.с.с. Бірінен де кең етек алған жаңа- эйдж (ню-эйдж), рухани дауншифтинг, шығыстық экзотикалық культтер мен тәжірибелер, антиконсьюмеристік, экологиялық қозғалыстар. Осы идеология шеңберінде басқа әлеуметтік - мәдени үрдіс, мифология, дәстүр мен рәсім қалыптасып жатыр. Отандық ғалымдар өз зерттеулерін басқа арнаға бұрумен қатар бұрынғы болған тыйым салынған немесе жасырын болған дүниелерді қайта қарап, бүгінгі ғылыми жетістіктермен байланыстыра зерттеу үдерісін қолға алған. Бұл зерттеулер далалық этнографияның заманауи үрдістерін тудырады, оның алға қарай жылжуы дадалық түсініктің құпиясын, қалалық мәдениеттің ерекшелігін, азшылықтың түсінігін, дәстүрлі емес діни ағымдардың ерекшелігін, формалды емес субмәдениеттің тәртібін ғылыми ортаға шығарып, оларды жан-жақты талқылануын талап етіп жатыр. [3].

Отандық дінтанулық пікірталаста иеротопия түсінігі әр қырынан талданып жүр. Бұл ұғымда бастысы сакралды орындарды насихаттау яғни, нақты эмпирикалық әдістер арқылы адамның жоғарғы күшпен байланысын орнатуға болатын, энергетикалық тылсымы басым орын ретінде қарастырады. Иеротопия – бұл саналы шығармашылық процесі, архитектура, мүсін, сурет, рәсім, жарық, иіс тағы сол сияқты медиа мүмкіндіктер арқылы сакралды кеңістікті қалыптастыру. Иеротопия концепциясында мұндай шығармашылық перформативті сипатта анықталады. [5].

Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ.Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндіріп өткен. Кітабында қожа әулетінің мәдени әлемі мен Мұхтар Әуезовтың байланысын сипаттай отырып, қазақ даласындағы киелі жерлер мен орындардың маңыздылығын ерекше атап өткен. Әшірбек Құрбанұлының айтуы бойынша қожа әулетінің мәдени әлемінің басым бөлігін киелі орындар (мазарлар, қадам-жайлар, зираттар, киелі жер, муккадас джай) алып жатыр[6, 120б].

Шетелдік зерттеушілер Steve Brie, Jenny Daggers және David Torevell киелі жерлерді үш топқа бөліп қарастырады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, долмендер және тағы басқалары. Үшінші категориясы екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер» [7, 106]. Әрине киелі жерлердің бұл критерийлері барлық елдерде кездеседі және туризмнің барлық түрлерінің дамуына септігін тигізіп отыр.

Қазақстанда киелі орындарға қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, дәстүрлі емес діни ағымдар өкілдерінің кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярата ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, әртүрлі аурулардың таралуына байланысты адамдардың ем іздеп баруы.

Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған Қазақстан, өзінің жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпенді және отырықшы мәдениетті біріктірген жер. Үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі орындарымыздың арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді[8].

Демек, киелі орындарды қалпына келтірудің қажеттілігі әлеуметтік-мәдени тұрғыдан үлкен сұранысқа ие және әлі де зерттеу мен насихаттауды талап ететіні көрініп тұр. Оған дәлел ретінде 2018 жылы 21 қараша күні шығып, бүкіл ғалымдар мен ұстаздардың талқысына түскен «Ұлы даланың жеті кереметі» атты Егемен Қазақстан басылымына жарияланған мақаласы [9]. сондай-ақ, отандық зерттеушілердің ғылыми ареалы толғумен қатар, көптеген жаңалықтардың, ғылыми көзқарастарың тереңдеуіне себеп болары сөзсіз деп есептеймін.

Зерттеулер нәтижелері киелі жерлердің сол аймақтың маңызды мәдени және символикалық капиталын сонымен қатар, ішкі және сыртқы туризмнің даму потенциалы екенін көрсетіп отыр. Аумақтардың потенциалы туралы жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар куә бола алады. Мәдени ескерткіштердің объективтендірілуі тек мемлекеттің ғана емес, жалпы халықтың тарапынан ұжымдық жады арқылы, әртүрлі топтардың интерсубъективті алаңында маңызды қызығушылыққа ие.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Теория сакрального как призма социологического исследования тела <https://studwood.ru/>
2. Р. Отто. Священное /Пер. Руткевича А. М. — СПб: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 2008
3. Атаман Л.В. Исследование сакрального пространства региона: методология и практика//Псковский региональный журнал №23. 2015
4. Д.Куракин Модели тела в современном популярном и экспертном дискурсе: к культуросоциологической перспективе анализа//Социологическое образование Т.10№1-2. 2014
5. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. / Пер. с англ., нем., фр. Сост. и общ. ред. А. Н. Красникова. – М.: Канон+, 1998. – 432 с. – (История философии в памятниках).

6. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова / А. К. Муминов, при участии А. Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Сост. указ. У. А. Утепбергеновой; Под ред. С. Н. Абашина. – Алматы: Жибек жолы, 2011

7.«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі №862 қаулысымен бекітілген. – Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000862>

8. Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 б.

9. Қ.С.Ермағанбетова, Ж.М.Мақимбаева Киелі орындар территорияны брендiлеу құралы ретінде // ҚазҰУ хабаршысы = Вестник КазНУ. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы, 220-230 б.С., 2017. - № 1